ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ
«OZAT SCHOOL»
МЕКЕМЕСІ

КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ГОРОД КЫЗЫЛОРДА
УЧРЕЖДЕНИЕ
«OZAT SCHOOL»

БҰЙРЫҚ №37
29.07.25 ж

ПРИКАЗ №37

Орта білім беру ұйымдарында 2025 - 2026 оқу жылын бастау және аяқтау мерзімдерін айқындау туралы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:
2025 жылғы 1 қыркүйек – 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:
1-4 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);
2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);
3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19-29 наурызды қоса алғанда);
1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда).
4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

Мектеп директоры **А. Ахметова**

OZAT SCHOOL
БИН 200940026979
МЕКЕМЕ